

*В статье проводится поиск работ ученого, критика, литературоведа Турсынбека Какишева. Поиски ученого в науке, на которые он потратил свою сознательную жизнь, глубоки и обширны. Он внес неоценимый вклад в изучение литературы, опираясь на архивные исторические данные, и основывая свои исследования на истине. В этом особенность его научной натуры. Исследователи рассматривают творчество Турсынбека Какишева в связи с вопросами национализма, Сакена, Сабита, Магжана. В статье анализируется работа ученого, отражены взгляды исследователей. Анализируются мнения, статьи и научные работы исследователей.*

*Ключевые слова: национальная идея, языковой статус, национализм, сакеноведение, сабитоведение.*

Материал поступил в редакцию журнала 17.06.2022

### **Research of Tursynbek Kakishev's oeuvre**

G.K. Kazhibaeva<sup>1</sup>, B.K. Khumar<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Sh. Ualikhanov Kokshetau University, Kokshetau, 020000, Republic of Kazakhstan

*The article searches for the works of the scientist, critic, literary critic Tursynbek Kakishev. Kakishev's search in science, on which he spent his conscious life, is deep and extensive. He made an invaluable contribution to the study of literature, relying on archival historical data, and basing his research on truth. This is the peculiarity of his scientific nature. Researchers consider Kakishev's works in connection with issues of nationalism, Saken, Sabit, Magzhan. The article analyzes the scientist's works, reflects the researchers' views. Opinions, articles and scientific works of researchers are analyzed.*

*Key words: national idea, language status, nationalism, Saken studies, Sabit studies.*

Received: 17.06.2022

MFTAP 82-2

### **Ж.С.Сұлтанғалиева**

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе университеті, Ақтөбе қ., 030000, Қазақстан Республикасы

## **Т.АХТАНОВ ДРАМАЛАРЫНДАҒЫ АДАМ КОНЦЕПЦИЯСЫ**

*Мақалада Т.Ахтановтың «Сәуле» пьесасындағы түпқазық кейіпкер Сәуле бойынан бүгінгі замандас сипаттарымен қоса, иісі қазақ әйеліне тән бірталай қырларды көрсеткені талданады. Пьесаның етек-жеңі жинақы, композициясы ширақ, тартысқа қатысатын адамдар он шақты ғана. Драматургтің сахна заңдылығын, театр талаптарын ескергендігі де аңғарылады. Автор адамдарды отырғызып қойып, ұзақ сонар тәжікелестіретін, сөз тугызатын кінәратқа бойын аудармай, шағын әрекетті көріністерді ауыстырып отырады. Сонымен қатар Сәуле мен Сырдақ арасындағы тартысқа қатысты оқиганың өрбу реті мен қызметкердің қазіргі типі деген өзекке шынайылықпен ойысып отырғанын байқаймыз.*

*Т.Ахтановтың ендігі бір драмасы «Махаббат мұңы» атты пьесасындағы жаңа ғана шешек атып келе жатқан балауса қыздың жан сезімін суреттеудегі шеберлігі туралы да сөз болады. Жалпы қазақ драматургиясындағы халық жүрегінен берік орын алған, классикалық туындылардағы махаббат сценалары негізінен романтикалық ыңғайда, көтеріңкі лепте жазылғанын да қаламгер ерекше үлгіде жеткізе алған.*

*Кілт сөздер: драматург, пьеса, кейіпкер, тартыс, шеберлік.*

## КІРІСПЕ

Драматургиядағы дәстүр жаңғыруы, ең алдымен қаһарманға қатысты әңгіме болғандықтан, бұл мәселені «Сәуле» пьесасын талдау арқылы бірқыдыру пайымдауға болады.

Рас, кісінің адамдық деңгейі әсте мансап дәрежесімен тепе-тең күйде өлшенбесе керек, бірақ мамандық, қызмет орайы, жұмыс бабы жүктейтін салмақты мүлде ұмытып, оның мінезге, психологияға етер әсерін ескермесек, шындықтан шалғай кетеміз. Бүгінгі қазақ халқының рухани өміріндегі ерекше мағыналы құбылыстың бірі- әйелдердің қоғамдағы екпінді ықпалының артуы. Арғы төркіні расалық, нәсілшілдік жікшілдіктен шыққан шығыс елдерінде әйелдер мүлде көрсоқыр, пұшайман, қор болды дейтін барлық жұрттың дәстүрін жермен жексен етіп, паранжамен бүркеп тастайтын теріс бір концепция көп уақыт орын теуіп келді. Тарихқа, әрбір дәуірге, әрбір халықтың дәстүріне қатысты пікір айтқанда, нақтылыққа, фактіге жүгінсек қана, көп күңгірт жайлардың беті ашылып, тұман сейілемек.

Бұл тұрғыдан Т.Ахтанов пьесасындағы түпқазық кейіпкер Сәуле бойынан бүгінгі замандас сипаттарымен қоса, иісі қазақ әйеліне тән бірталай қырларды көреміз. Автор табысының өзі тиянақтап келгенде, осы кейіпкер бейнесінде жатқаны хақ. Драматург бала тәрбиесі, күйеу күтімі, үй шаруасымен ғана айналысатын, жеңіл-желпі жұмыс істейтін әйел емес, үлкен қызмет тұтқасындағы жанның басындағы сырларды көрсету арқылы творчестволық маркаюға бет бұрғанын танытты.

## НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Мақаланы жазуда драматургия жанрының қазақ топырағында кешірек бой жазып, көптеген қиындықтармен даму жолына түскенін ескере отырып, драмалық шығармалардың негізін қалаушылар С.Сейфуллин, Б.Майлин, М.Әуезовтердің шығармашылығы қарастырылған. Мақала Т.Ахтановтың драматургия саласындағы еңбегіне арналғандықтан, оның қаламынан туған «Ант», «Махаббат мұңы», «Сәуле», «Ана даусы» пьесаларына кешенді талдаулар жасалып, тарихи, салыстырмалы әдістер арқылы З. Қабдолов, Р. Нұрғалиев, С.Құлбарақов еңбектеріне назар аударылды. Тарихи әдіс – саяси қатынас субъектілерінің барлық іс-әрекеттері өткен және саяси идеялары жүзеге асқан кеңістік пен уақыттағы өркениеттің саяси тарихын зерттеудің негізгі әдісі болғандықтан шығармадағы мұсылмандық догматтары, содан туған көп кесапат, қанаушылық, қалыңмал кеселі қазақ әйелінің көзінен жас, жүрегінен қан ағызған, бірақ еліміздің халықтық қасиетінің бірі - әйелге, анаға деген құрметтің зор болғанын, бұл орайда тамаша дәстүрлердің мол өрістегенін, талай есті әйелдердің еркектермен тізелес ел билегенін, тіпті тұтас тайпалардың әйелдер есімімен аталуын, ақын қыздардың шыққанын рухани тарихымыздағы мақтанышты фактілер екенін, айқындап, даралап айтуды мақсат еттік. Салыстыру әдісін қолдана отырып, Сәуле – қазақ драматургиясындағы әйел образдарының ішіндегі шынайы бейнеленген, шебер жасалынған реалистік тұлға екеніне көз жеткіздік.

Пьесаның етек-жеңі жинақы, композициясы ширақ, тартысқа қатысатын адамдар он шақты ғана. Драматургтің сахна заңдылығын, театр талаптарын ескергендігі аңғарылады. Автор адамдарды отырғызып қойып, ұзақ сонар тәжікелестіретін, сөз туғызатын кінәратқа бойын аудармай, шағын әрекетті көріністерді ауыстырып отырады.

Кеңсе, кабинет емес, пьесаның бірінші бөліміндегі оқиғаның мүмкіндігі үнемі туа бермейтін обком секретарының үйінде өтуінің өзі қызық. Қонақтардың келуі, жолаушылап кеткен Сәулені тосу – бұл шаңырақта абыр-сабыр, жүріс-тұрыс, қимыл-қозғалыс тудырған. Осы күйге бірте-бірте жаңа ырғақ, жаңа екпін қосылып, кейіпкерлер басындағы драма ашылады. Яғни, пьесаның құндылығы – суреттелінген оқиға тартысының өмір шындығынан алынғандығында еді. Сәуле – қазақ драматургиясындағы әйел образдарының ішіндегі шынайы бейнеленген, шебер жасалынған реалистік тұлға. Әлеуметтік тартыстың бел

ортасында жүрген Сәуленің әрбір іс-әрекеті, тағдыры, бүкіл табиғаты нанымды суреттелгендіктен де характері айқын да тартымды.

Ұзақ жыл отасқан ерлі-зайыптылар арасында, уақыт қалыптастырған сый-сияпат, пейіл -құрмет болса, Сәуле мен Алдаберген қабағы қатқыл, қарым-қатынастары сұрқай. Еркектердің алды-артын орап, сөзден-жеңсік, даудан-есе, картадан ұтыс бермей отырған Бөпежан күйеуі Құдайбергенді ғана билеп төстейтін, бір ошақтың тас қайнатып, қазан көтерер тентегі емес, тумысынан ірі, табиғаты кесек, мінезі ерек жан екенін ұқтырады. Сырт қарағанда түк бітірмей, бос сенделіп жүргендей көрінетін жазушы Сапар көз алдында өтіп жатқан оқиғалардың астарына үңіліп, ертең өрнек боп қағаз бетіне төгілер сырлардың бояуын іздеп қиналады.

Астанада лайықтанған жұмысқа Сәуле келісім бермей келген, кетіп қалса, мұнда өзі бастап, әлі жеріне жеткізіп, байсал таптырмаған шаруалары қалып қоймақ. Тез асығыс қайтуының тағы үлкен себебі бар.

Драматург көптеген шығармаларда қайталанған, таптауырын болып, сары жұртқа айналған бірінші бастық пен екінші бастық арасының шаруашылыққа байланысты кикілжің тартпағына түсіп кетпейді. Ділмарлық, білімдарлық таласы демдеп алған орайда сахналық шығарма әлсірейтіні, образ өзінің эстетикалық әсерінен айырылып, жалаңаштанып қалатыны хақ.

Автор өнер талабының қатал талабын ескеріп, Сәулені бірден дау-дамайға шым батырып жібермей, оның тіршілігін әр қырынан көрсетуге ұмтылады.

Сезім шарпыған жанның, әсіресе бұл күйге егде тартқан кезде тап болған әйелдің бойын күтуі, жүріс-тұрысы болуы, киімге мән беруі- дағдылы әдет. Осындай өзгерістермен қоса Сәуленің жүрегін кештеп барып дірілдете бастаған жалынның лебі қас-қағымнан ғана емес, қысылып - қымтырылып, үзіліп-құмығып шыққан сөздерінен анық аңғарылады. Бұл-лаулап, лапылдапбас асау сезімнен бөлек, тоқталған белден асқан жанның кеудесін шымшырлатқан тосын, ыстық, құпия сыр.

Осы сәтімен табылған әуез пьесаның ырғасына айналған. Бой жетіп қалған қызы бар обком секретары әйел үшін мұндай күйге түсу қандай ауыр. Автор бір-ақ арнада, осы ізбен отырып психологиялық шығарма жасауына болатын еді. Өмірдің ықпалды екпіні, азаматтық жауапкершілік Сәулеге тағат бермейді. Отбасымен, інісімен, қонақтарымен шүйіркелесіп те бітпей, өз үйінде обкомның бірінші секретары Сырдақпен кездеседі.

Араларындағы әңгімеден үлкен іске, киелі шаруаға екеуі екі ұдай пікірде екендігі ашылады. Сырдақ сұсты, ызбарлы, салмақты.

Мал шаруашылығының Сәуле ұсынған шаралары көрер көзге көрнекті, естір құлаққа ұғынықты нәрселер. Бірақ Сырдақ сынды қызметкер үшін болашақ өріс, келешек, келешек кеніштен гөрі бүгін өз рахатын тартатын мансап абзал. Қазір қызығын көре алмайтын, тек азабын арқалап, таяғын жейтін, ертең абыройын бөгде біреу иемденіп кетер іске талай дүние бұлтағын өткерген басымен күмп беріп түсіп кетпесі анық.

Шеше жанындағы күрт өзгерісті сезген Гүлжан көңілі өрекиді. Әйелінің әлдеқандай толқынмен ағып бара жатқанын ұққан Алдаберген жүрегі сыздайды. Апасының аласапыран сезім бұрқағына бой алдырғанын көзімен көре бастаған жазушы Сапар тұнжырап ойға батады. Бұл тартыс арналары, психологиялық шытырмандар терең бейнеленгендей, асығыс жағылған бір бояу, ат үсті шертілген бір күй есебінде қалып қояды.

Сәуле мен Сырдақ арасындағы тартыс шаруашылық басқарудың сипатына қатысты қақтығыстан өрбіп, қызметкердің қазіргі типі деген өзекке ойысады. Бұл орайдағы қасаң, сығырдан ойларға да көз жеткізуге болады.

Сырдақ-Сәуле арасындағы тартыс үстінде екі адамның рухани сыры ашылады. Жарастың үлкен қаладағы жылы орнынан кетіп, сахара аптабына күйіп, қиындық кешіп, ғылым үшін еңбек етіп жүрген мінезін ұнатқан Сәуле қоңыр төбел, суырылып шықпас Алдаберген бойынан таппаған қажыр-қайрат көргендей болған. Сөйткен Жарасты енді Сырдақ назарға іліктірген. Жазып жүрген мақаласы Сәуле ойларын құптайтыны, мұның арты ертең өскелі тұрған жігіттің үлкен мансабына пәле, кесел болып жабысатынын ұқтырған.

Жарас қуаты бір-ақ құрбандыққа жарапты, енді екінші қадамға баспайды. Төбесі көрінген мансап ыстық секілді. Жырыңдылар қарсыласының жақынын, ауыл-аймақ, бота-тайлағын айналдырып, іштен шірітіп бітіруді бір тәсіл көреді. Мұның жолы көп: жүрегі елжіреп бара жатқандай өтірік бауырға тарту, аузы-мұрнынан шығартып асатып, тойдырып қолға түсіру, қасақана жауықтыру, өшіктіру, шырғалау. Сөйтіп, түбірін қазып, бұтағын шауып алған соң жалғыз бәйтерек өзі де құламақ. Сол қанды қақпанды Жарасқа құрып, дегеніне жеткен Сырдақ енді Алдабергенді шақырады. Ауыр сәт. Әлдекім әйелінің ұрлық жүріс, жасырын көмбесін білем, соны өзің жария ет, арыз бер, мәселесін қарап, берін айдай қылайық деп тұрғанда, намыстан күйген еркек не істемек? Отелло ақ-қарасын екшеместен Дездемонаны буындырып өлтірген.

«Жоға, мен мәселе көтермеймін»-ызадан, қызғаныштан өртенген долы жүректің ашуын басып, бұлай деу үшін кексе ақылдың сөзін тыңдайтын салқын сабыр керек. Чемоданын қолға ұстап Алдабергеннің басқа жаққабет түзеуі сенімді. Сәулемен соңғы кездесуінде Жарас мінезі әбден ашылды: әуелде қырға келгенде аңыз жасауды, алысқа секіреп мансап баспалдағын көздеген екен ғой. Сәуле көкірегінде жалт еткен соңғы үміт осы сөздерді естігенде сөнеді» [1,126].

«Сырдақ Сәулені жеңдім, тізе бүктірдім, енді бұл жерде мен ғана тұрам, оны басқа жаққа тайдырам»- деп есептейді [2,172]. Ал Сәуле үшін үлкен күрес енді басталған. Аз уақыт ішінде бір өртеніп, бір суып, алтын дегені- мыс боп шығып, жасық дегені- болат боп шығып тірлік тартысында тағы да жаңа өрге көтерілген қалпы бар. Яғни, элеуметтік тартыстың бел ортасында жүрген Сәуленің әрбір іс-әрекеті, тағдыры, бүкіл табиғаты нанымды суреттелгендіктен де характері айқын да тартымды, қатардағы қарапайым әйелдің үнемі іздену, келешекке құлаш ұрып, дәуірдің дамуымен бірге дамуды тез бағдарлап сезінудің нәтижесінде Сәуле обкомның хатшысы дәрежесіне дейін көтеріледі. Қалыптасқан ескі бір әдісте, стильді құптайтын, жаңалыққа сенімсіздікпен қарайтын, өзіндік пікірден гөрі жоғарының нұсқауына көбірек арқа сүйеп кеткен Сырдақ тәрізді басшының кемістігін айтып, қатесін бетіне басуда да Сәуле батыл, шыншыл.

Обкомның хатшысы дәрежесіне дейін көтерілген Сәулені автор тек қызмет үстінде ғана көрсете бермей, оның өз бойында ішкі сезімдерінің драмасын да шебер суреттей білген.

Т.Ахтановтың ендігі бір драмасы «Махаббат мұңы» атты пьесасы. Бұл пьесада жаңа ғана шешек атып келе жатқан балауса қыздың жан сезімі суреттеледі.

Ауылда өтетін алғашқы көріністе оқушы қыз Ләззат бойынан байқалған ақындық қабілет ұшқыны жоқантопай Қуантайдың дүмбілезділігімен шарпысады. Біреу үшін дала ән салып, тебіреніп толқыпжатыр, біреу үшін далада үн жоқ. Көкірегінде оты бар, сезімтал Ләззаттың сүйген көңіл қалауына орай университетке түсуі табиғи қадам. Драматург Ләззат ортасын әдейі ықшамдап алған: оқуға келген кездегі машақат, қаладағы алғашқы тосандық, ауылды сағыну секілді жәйттер қозғалмайды.

Драматург үшін қиын мақсаттардың бірі- салған жерден әрекет арқылы мінез ерекшелігімен көрінетін кейіпкерді сахнаға шығару. Осы талап тұрғысынан курстас үш қыздың алғашқы сөздері кібіртек, тұтқыр. Тартыс арнасына түсіп кетпегендіктен, әр шөптің басын шалу еріксіз болмақ нәрсе. Қимыл-қозғалыс мол, көңіл-күй толқуы бар сцена – әдебиет үйірмесінің жиналысында пьесадағы соқталы кейіпкер Ниязбен танысамыз. Жүрегі алып -ұшып тұрған, әлі тұяғын бас қақпаған, аузымен аспандағы құсты тістеген жас ақын. Менмен, өр. Оның осы сценадағы сөздерін беруде драматург шеберлік танытады. Нияздың өлең, поэзия туралы ойлары мен бейтаныс сүйкімді қызға деген сезімі қатар өрілген. Мәселен, «... Жоқ, бауырым, өлеңің нашар. Баланы жастан деген, жас болсаңдар да айтайын: поэзияға қатал болу керек. Сендердің алдарыңда да айтайын: поэзияға қатал болу керек. Сендердің алдарыңда да өлеңді қорғаушылар аз болған жоқ. Сендер тек соның тобын көбейтпендер. Поэзияға зәбір көрсетпендер, бауырларым. Тереңнен, тұңғығынан тебіреніп шықпаса өлең болмайды... –Өзі маған сүйсіне қарап отыр. Ұнатып қалдым-ау деймін... – Бірақ қанша тебіренсең де, ойнақы ұшқырлығы, сынғырлаған сұлу сазы болмаса тағы да

болмайды. Бұл өлең деген құрғырыңыз, адам баласының басына бермесін, нағыз қияметтің кәсібі.-Балапандай үрке қараған түрі-ақ сүйкімді. Осының аты Ләззат па еді?

–Мен сіздері өлеңнен біраз үркітіп тастадым ба, қалай! Бірақ «Арыстан айға шауып мерт болғанмен, баласы арыстандық етпей қоймас» деп М.Әуезов айтпақшы», -шын ақын бәрібір өлең жазбай қоймайды [3,272].

Қашан да өнер туындысын бағалағанда, шығармаға арқау болған өмір құбылыстарын, тіршіліктегі жайларды, олардың әсемдік заңдылығына сәйкес өзгерген бейнесін нақты қарастыру талабы естен шықпаса керек. Прозада сүйіспеншілік сезімнің ғаламат мол сырларын әділ жеткізер неше түрлі бояу, сан- алуан тәсіл бар: қас-қабат қимылы, өңдегі өзгерістер, саусақ дірілі- бәрі де қағыс қалмайды, диалог аралас көріністер, психологиялық анализ мүмкіндіктері ересен мол. Рас, драматургке режиссер шешімі, актер ойыны көмекке келіп, талай тар актер ойыны көмекке келіп, талай тар өткелден қолтықтап, демеп жібермек. Дегенмен түбегейлі бастағанда ең ауыр салмақ пьесада кейіпкер сөзеріне түсетіні хақ.

Қазақ драматургиясындағы халық жүрегінен берік орын алған, классикалық туындылардағы махаббат сценалары негізінен романтикалық ыңғайда, көтеріңкі лепте жазылған. Көбі ақтарылып төгілген ақ өлең. Еңлік пен Кебектің кездесулерінде, Сырым мен Қарагөздің жолығуларында, Ақан сері мен Ақтотының оңаша сәттерінде айтылатын сөздер заманына, уақытына сәйкес шыққан.

Реалистік дәлдікті құнттаған пьеса үшін Ләззат пен Нияздың ең алғашқы кездесуін, жұрт көзінен таса, табиғат аясында сыр шертуін бейнелеудің ерекше мәні бар. Автор екі жастың осы шақтағы көңіл-күйіне, сезім қалпына лайық бояу табуды ниет еткен. Дау жоқ, әрі ақындық қиялмен дүниені шарлаған, әрі сүйіспеншілік жалынына шарпылған қос ақынның сөзден гөрі ішке үңілуі, жүрек дүрсіліне құлақ қоюы- табиғи қылық. Әйтсе де, бұлардың қысқа қайырылған сөздерінің өзінен шабыт лебі аңғарылып, шақпақ оттың ұшқыны көрінуі керек еді.

Кейіпкер даралығы сөйлеу мақамынан, машықты бір сөзді яки тіркесті қайталаудан ғана көрінеді деу келте қайыру болар еді, ең алдымен хас суреткер мінез, көзқарас ерекшелігін іздейді, сонда стильдік, өрнектік жағынан ұқсас оралымдардың өзімен-ақ әртүрлі бейне жасау мүмкіндігі тұмақ.

Бірге оқып бір бөлмеде тұрып жүрген үш қыздың характері үш түрлі. Тілі ащы Салиха қолына түссе ешкімді аямақ емес; алғашқы махаббат қуанышынан кейін Ләззатқадүние түп – түгел қызылды-жасылды боп көрінеді, сөз айтып жүрген жігітті Бағила танауын тескен тайлақтай бағындырып алған.

Бұл қыздың тіршілік мәні жайлы өз өлшемі, пікірі, бағасы бар. Онысын кепештеп өзі ішіне тығып, жасырып жауып ұстамайды. Ойдан қорытынды шығарғаны да, кинодан көріп, кітаптан оқып алғаны да емес: өзі бұл жалғанның пайғамбары деп санайтын Шынар жеңгесінен ұққаны. Көкейіне ұялап, бойына әбден сіңірген мораль- бойдақ күнінде ойнап-күліп,жастықтың базарында ит жүгіртіп, құс салып рахат көр, жігітті ашсаң- алақаныңда, жұмсаң-жұдырығыңда ұста, мөр бастырып, неке қағазын алғанша жуытушы болма. Бағиланың үй болу жайлы программасы тіпті қызық: баланы тоғытып- тоғытып жібер, сонда еркек тырп ете алмайды.

Бұл қыздың ойынша, махаббат, сүйіспеншілік деген әншейін бос сөздер, еркек пен әйел арасында ит жетекпен өтетін, кім мықты болса сол үстемдік құратын ерегіс, күрес, бәсеке ғана болмақ.

Қанша сеніммен айтылса да ол сөздер Ләззат көңілін бұра алмайды. «Маған деген махаббаттың осы-ақ болғаны ма? Енді түңілсем... Жоқ... Жоқ... Адал сезімді ластап, қор қылып алмай тұрып, көңілде қимастық барда тиылу керек. Әйтпесе, өзімді-өзім өмір бойы жек көріп өтермін...» [4,291]. Бірақ, Нияздың әйелі барлығын білгеннен кейін қатты торығып, қанаты қайырылғандай күйге түскенде де дүниеден мүлде безінуден аулақ.

Пьесада қатар жарысқан екі тақырып, екі арна бар: бірі –сүйіспеншілік сарыны, екіншісі- суреткер тағдыры. Ләззат шын беріліп ат басындай алтын таптым деп, махаббат буына мас болып опық жейді. Әңгіме Нияздың әйелінің барлығында, қан-соқты

көргендігінде емес, өмірде талай шаңырақ құлап, қайта көтеріліп, егде адам мен жас адам көңіл қосып, бір үйдің отын өшіріп, екінші бір түтетіп кететін кездер аз ба? Ләззат жанына бататын- Нияздың жалғандығы, мүләйім кейпі.

Суреткер тағдыры әманда тайғанақ, қатерлі: топырағын таппаса, бап, күтім көрмесе, жағдай жасалмаса, табиғат берген асыл қасиет адамды береке кенішке жеткізу былай тұрсын, арылмас азап, жазылмас қасіретке түсірмегі қиын емес. Тырнақалдысына қарап тұрып, қабілетіне, келешегіне шек келтіру күпірлік болған талайлардың кейін жүнжіп, мимырттанып, бір жыбырлақ толқынға түсіп ағып кеткені несі? Жалғыз доданың өзіне шыдамай жоғалған ет пен терінің арасындағы мардымсыз қызу ма, белі талып отырып еңбек етуден гөрі лепіріп шарап ішуді күйттеген есірік пе, жазғытұрым қылтиған жауқазынды бәйтерек болардай қолпаштаған көп шуылдақ па, түбіне не жетеді екен, не кеселден өнбей қалады екен?

## ҚОРЫТЫНДЫ

Жазушы тіршілігіне қатысты бірқыдыру ойларын автор Нияз бейнесі арқылы береді. Махаббаттың қадірін, жастық шақтың парқын ескермеген ақын бірте-бірте жетімсіреп, бойында бар нәрінің өзінен айырыла бастайды. Сүйіспеншілікті жоғалтқанымен, Ләззат ұзақ уақыт Ниязға деген жанашырлығын, аяушылығын тастамайды. Көлденең істерден, қажетсіз шаруалардан, бос күйбеңнен тиылып, өнер жолына ықыласымен құлаған Ләззат пен ескі беделмен берекесіз күн кешіп жүрген Нияз арасындағы болар-болмас дәнекер-баяғы сезімнің мұңы ғана.

Араға он жыл салып, ескі достарды қайта көреміз. Мезгіл белгісі, жылдар таңбасы деген сол: бір кездегі аузы алты қарыс Бағила енді бес бала тапқан сарықарын қатын. «Мен кетіп қалмайын ба?» деп мүләйімсіп тұратын әлжуаз Нарқоспақ енді диванда шалжиып жатып, «әй, қатын» деп қосып, галстугын, шалбарын сұрайды, туфлиін тазалатады. Еркекті бір шыбықпен айдамақшы Бағила қайда? Қыз не айтса шыбындап, бас изей беретін, илеуге жұмсақ Нарқоспақ қайда?

Пьесада Қуантай мінезі жағынан дараланып, «дала ән салады» деген сыршылдыққа жететін қаһарман болып көрінеді.

Нияз рухани баспалдақпен құлдырап, Қуантай өрлеп бара жатыр. Бұрын алыс облысқа кетті дей салатын Салиха пьесада қолынан кітабы түспейтін, тілі мірдің оғындай, жалаң қылыш сыншы болып көрінеді.

Міне осы секілді өмірдегі адамдардың басына түсетін әртүрлі жайттарды автор саралай отырып, шынайы түрде нанымды суреттейді.

Драматург «Махаббат мұңы» шығармасындағы өткінші кезең материалын ұлғайта, тереңдете келіп, драмалық туынды жасады.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 Ахтанов Т. Бес томдық шығармалар жинағы. Пьесалар. – А., 1984.- 448 б.
- 2 Ахтанов Т. Көп томдық шығармалар жинағы. Пьесалар мен эсселер. – А., 2013.- Т. 5.-384 б.
- 3 Домбаев Н. Қазақ әдебиетінің ақиығы // Коммунистік еңбек. – 1983, 22 қазан.
- 4 Әлімқұлов Т. Көп сөз туралы аз сөз // Жұлдыз. – 1985, №12.
- 5 Құлбарақов С. Тахауи Ахтанов драматургиясы. [Мәтін] : Автореферат / – А.: 1993, 27 б.
- 6 Нұрғали Р. Драма өнері. А., 2001. – 480 б.
- 7 Нұрғалиев Р. Арқау: екі томдық шығармалар. – А., 1991. – 576 б.
- 8 Қабдолов З. Сөз өнері. А., 2002. – 360 б.
- 9 Жарылғапов Ж., Такиров С., Әдебиет теориясы. Оқу құралы. – А., 2018.- 172 б.
- 10 Райан Майкл. Әдебиет теориясы: Кіріспе. – А., 2019. – 292 б.

Материал 05.06.2022 баспаға түсті

## REFERENCES

- 1 Akhtanov, T. (1984) *Bes tomdyk shygarmalar zhinagy. P'esalar*. [Collected works in five volumes]. Almaty: Zhazushy. (In Kazakh).
- 2 Akhtanov, T. (2013) *Kop tomdyk shygarmalar zhinagy. P'esalar men jesseler*. [Multivolume collection of works. Vol. 5: Plays and essays]. Almaty: Zhazushy. (In Kazakh).
- 3 Dombaev, N. (1983) *Kazak adabietinin akiygy // Kommunistik eńbek* [A classic of Kazakh literature. *Communist Labor*. 22 October]. (In Kazakh).
- 4 Alimkulov, T. (1985) *Kop soz turaly az soz // Zhuldyz* [Fewer words about many things. *Star*, 12]. (In Kazakh).
- 5 Kulbarakov, S. (1993) *Tahaui Akhtanov dramaturgijasy. Avtoreferat*. [Takhaoui Akhtanov's drama]. Almaty: [s.n.]. (In Kazakh).
- 6 Nurgali, R. (2001) *Drama oneri* [Dramatic art]. Almaty: [s.n.]. (In Kazakh).
- 7 Nurgaliev, R. (1991) *Arkau: eki tomdyk shygarmalar* [Arkau: Essays in two volumes]. Almaty: [s.n.]. (In Kazakh).
- 8 Kabdolov, Z. (2002) *Soz oneri The Art of Words*. Almaty: [s.n.]. (In Kazakh).
- 9 Zharylgapov, Zh. & Takirov, S. (2018) *Adabiet teorijasy. Oku kuraly* [Theory of literature. Study guide]. Almaty: [s.n.]. (In Kazakh).
- 10 Ryan, M. (2019) *Adabiet teorijasy: Kirispe* [Literary Theory: An Introduction]. Almaty: Ұлттық аударма бюросы. (In Kazakh).

### **Концепция человека в драмах Т. Ахтанова**

Ж.С.Султангалиева

Актюбинский региональный университет им. К.Жубанова, г.Актобе, 030000, Республика Казахстан

*В статье анализируются различные стороны характера героя пьесы Т. Ахтанова «Сауле» Сауле. Содержание пьесы короткое, композиция яркая, количество лиц участвующих в действиях, происходящих в пьесе, ограничено. Раскрывается то, что драматург учел «законы» сцены и театральные требования. Автор не томит зрителей длинными раздражающими сценами, а проводит небольшие действия и сценки. Также, мы можем заметить то, что последовательность событий в противостоянии между Сауле и Сырдаком лежит в основе произведения.*

*Следующей темой обсуждения будет мастерство описания чувств юной девушки в пьесе Т. Ахтанова «Печаль любви». В целом, писатель подчеркивает, что сцены любви в классических произведениях казахской драматургии, прочно укоренившихся в сердцах людей, написаны в необычной, более романтической манере.*

*Ключевые слова: драматург, пьеса, персонаж, противостояние, мастерство.*

Материал поступил в редакцию журнала 05.06.2022

### **The idea of a person in dramas of T. Akhtanov**

Zh.S. Sultangalyeva

Aktobe Regional University named after K.Zhubanov, Aktobe, 030000, Republic of Kazakhstan

*The article analyzes various aspects of the character Saule of the play "Saule" by T. Akhtanov. The content of the play is short, the composition is bright, the number of persons participating in the actions taking place in the play is limited. The playwright took into account the "laws" of the stage and theatrical requirements. Akhtanov does not torment the audience with long, annoying scenes, but conducts small actions and scenes. Also, the sequence of events in the confrontation between Saule and Syrdak lies at the heart of the work. Another topic of discussion is the skill of describing the feelings of a young girl in T. Akhtanov's play "The Sadness of Love". In*

*general, the writer emphasizes that the scenes of love in the classical works of Kazakh drama, firmly rooted in the hearts of people, are written in an unusual, more romantic manner.*

*Key words: playwright, play, character, confrontation, skills.*

Received: 05.06.2022